

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

денежные средства, информационные возможности и другие внутренние факторы, влияние на которые оказывает непредвиденно само предприятие.

Для улучшения организации работы и координации деятельности финансовой службы необходимо оптимизировать организационную структуру этой службы. Для изменения ситуации требуется упорядочить и четко разграничить функциональные задачи финансовой службы и отразить это в организационной ее структуре. На сегодняшний день важно предусмотреть в составе финансово-экономической службы должности специалистов по финансовому планированию, проведению текущего операционного анализа, оценке привлекательности инвестиционных проектов, составлению бюджета предприятия, оценке различных источников финансирования, т.е. должности финансистов или финансовых менеджеров, а также специалиста по налогообложению.

В целом, схема управления финансами в ТОО «Деловой мир Астана» должна отвечать следующим условиям:

- руководство финансовой службой предприятия должен возглавлять заместитель директора по экономике и финансам - лицо, несущее полную ответственность за управление денежными потоками предприятия;
- четкое определение основных функций финансового отдела - таких как: управление денежными потоками; проведение анализа и оценки состояния предприятия; финансовое планирование и прогнозирование; оценка инвестиционных проектов;
- организация в рамках финансового отдела аналитической службы для проведения периодического сопоставимого анализа финансово-экономического состояния предприятия, сопоставления запланированных показателей с фактическими.

Список использованных источников:

1. Павлова Л.Н. Финансовый менеджмент: Учеб. для вузов – 2-е изд., 2009г. – 269с.
2. Кабушкин Н.И. Основы менеджмента: Учебное пособие. – 3-е изд. – Минск «Новое издание», 2008г. – 336с.
3. Финансы предприятий. Под ред. проф. Н.В.Колчиной, учебник. 2-е изд. перераб. и доп. М.: «Финансы и статистика», 2005г. – 447с.

ӘОЖ 336.12

ҚАЗАҚСТАНДА БЮДЖЕТ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Ғатиева Елназ Талғатбекқызы

gatiyetova@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті, «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – э.ғ.к. Бұлақбай Ж.М.


Бюджеттік үдерістің ұйымдастыруы бюджеттік жоспарлау бойынша өкілетті орган – Қаржы министрлігінің келесі қаржы жылға арналған бюджет саясатының негізгі бағыттары мен мемлекеттің бекітілген қаржы жоспарының жобасын дайындаудан басталады [1, б. 75].

Ұсынылған құжаттар ұйғарымды болған кезде Республика Үкіметі бюджет жобасын қалыптастыру мен өкілетті органға тапсыру тәртібі және мерзімі жөнінде Қаулы қабылдайды. Сонымен бірге, барлық бюджеттік үдеріске қатысушылар Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен республикалық және жергілікті бюджеттерді құрастыру мен атқару Тәртібімен басшылық етеді.

Жалпы алғанда бюджет процесін іске асыру бюджеттік іс-әрекеттің келесі кезеңдерін құрайды:

- 1 Бюджет жобасын құрастыру;

- 2 Бюджетті қарау және бекіту;
 - 3 Бюджетті атқару;
 - 4 Бюджетті атқару жөнінде есеп беруді құрастыру мен оны бекіту.
- Келесі 1- суретте ҚР бюджет процесінің кезеңдерінің байланысы ұсынылған.



Ескерту: сызба [2] дерек көзінен алынған.

Бюджеттің атқарылуын Заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» 2013 жылғы 12 желтоқсанда № 1329 қаулыны қабылдады, оған 2014 жылдың ішінде бюджетті нақтылауға байланысты өзгерістер енгізілді (2014 жылғы 7 қарашадағы № 247-V Заңға 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 293 және 2014 жылғы 14 қарашадағы № 1199 қаулылар). Сондай-ақ 2014 жылдың ішінде түрлі республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражатын бөлу салдарынан, сондай-ақ қалыптасқан экономикалық ахуалдан және мемлекеттің шығыс міндеттемелерін орындау жөніндегі нақты тәуекелдерден 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 1380 қаулыға сәйкес 2014 жылғы шығыстарды секвестрлеу жүргізілді және 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 1406 қаулымен бюджетті түзету жүзеге асырылды.

Республикалық бюджет 2014 жылы мынадай көлемдерде атқарылды:

- 1) кірістер – 5 908 848 902,1 мың теңге немесе 99,3 %, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 3 666 092 677,0 мың теңге және 98,2 %;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 131 736 653,2 мың теңге және 110,4 %;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 7 681 924,3 мың теңге және 99,1 %;
 - трансферттер түсімдері бойынша – 2 103 337 647,6 мың теңге және 100,5 %;
- 2) шығындар – 6 471 183 196,2 мың теңге және 99,6 %;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 39 452 066,2 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 118 495 116,0 мың теңге және 100,0 %;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 79 043 049,7 мың теңге және 109,5 %;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 479 453 376,0 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 480 017 123,5 мың теңге және 97,3 %;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 563 747,5 мың теңге және 45,1 %;

5) тапшылық – -1 081 239 736,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 081 239 736,4 мың теңге.

Республикалық бюджеттің атқарылуын ішкі бақылаумен 2014 жылы 5719 бақылау іс-шаралары жүргізілді, оның барысында 4557 бақылау объектісі, оның ішінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 322 мемлекеттік мекеме, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын 2400 мемлекеттік мекеме және 1835 шаруашылық жүргізуші субъект бақылаумен қамтылды.

Есепті кезеңде заңнама бұзушылықтарының жалпы сомасы 823019194,0 мыңтеңгені құрады, оның ішінде: 1) Бюджеттік заңнаманы бұзушылықтары және өзге қаржылық бұзушылықтар – 615558040,7 мың теңге, одан; 2) Мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде жол берілген бұзушылықтар 207461153,3 мың теңгені құрады. Тұтастай алғанда, тексерулер саны төмендеген кезде анықталған бұзушылықтардың үлес салмағы артты, бұл Тәуекелдерді басқару жүйесін қолданудың нәтижесі болып табылады. Осылайша, бақылау тиімділігін арттыру және объектілерге жүктемені төмендету мақсатында, жоспарлау кезінде амал-тәсілдер тексеру кезеңділігінен анағұрлым тәуекелді бақылау объектілерін іріктеуге қарай өзгертілді. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сұрау салулары бойынша Қаржылық бақылау комитетінің қызметкерлері, олар бойынша қорытындылар бере отырып, 1584 бірлескен тексеру жүргізді, оларға сәйкес 38620138,7 мың теңге сомасында бюджеттік заңнаманы бұзушылықтар және өзге қаржылық бұзушылықтар, 43985115,0 мың теңге сомасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде бұзушылықтар анықталды. 2014 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары мемлекеттік мекемелер, республикалық бағыныстағы квазимемлекеттік сектор объектілері бойынша және жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалануын жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелерін есепке ала отырып, қарастырылды, келесі 1- кестеден айқын көрінеді.

Кесте 1 - 2013-2014 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелерінің серпіні, млн теңге

Көрсеткіштердің атауы	2013жыл	2014жыл	Ауытқу (+, -)	2014 жыл, оның ішінде:		
				Республикалық бюджеттен қаржыландырылған мемлекеттік мекемелер	Квазисектор объектілері	Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер
Бақылаумен қамтылған объектілер саны	1782	1891	109	326	208	1357
Заңнаманы бұзушылықтар, оның ішінде:	262375,8	527891,8	265516,0	268532,4	82533,5	176826,0
анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы, барлығы	96868,7	386452,8	289 584,1	226064,1	57358,5	103030,2
оның ішінде: тауарлық-материалдық құндылықтардың және ақша қаражатының жетіспеуі	52,2	296,2	244,0	40,8	0,025	255,4

бюджет қаражатын, гранттарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік мекемелердің өз иеліктерінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін ақшаны негізсіз пайдалануы	84 616,9	313147,7	228530,8	163380,8	54877,9	94889,0
бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану	3 831,3	224,1	-3 607,2	13,1	-	210,9
бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану	7 732,4	70 714,7	62 982,3	60 813,9	2 384,1	7 516,8
бюджетке түсетін түсімдер бойынша бұзушылықтар	636,0	2 070,1	1 434,1	1 815,5	96,5	158,1
Бюджеттік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бұзушылықтар сомасы	38 042,3	47 673,2	9 630,9	6 141,5	6 461,5	35 070,1
Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтар	127464,8	93765,8	-33699,0	36326,8	18 713,4	38725,6
Барлық қалпына келтірілгені және өтелгені	58622,9	105046,4	46423,5	65148,4	10918,4	28979,6
Өтелді	1235,7	1869,3	633,6	1 055,5	104,1	709,7
қалпына келтірілді	57387,2	103177,1	45789,9	64 092,9	10814,3	28269,9
құқық қорғау органдарына берілген материалдар -саны -сомаға млн. теңге	175 28 972,9	187 33 235,6	12 4 262,7	35 1 970,5	28 1 146,0	124 30 119,1
Әкімшілік жаза қолдану, - айыппұл саны -сомаға млн. теңге	295 33,6	354 40,1	59 6,5	90 9,3	134 15,0	130 15,8
Тәртіптік жауапкершілікке тартылды	1 527	1 337	-190	286	219	832
Е с к е р т у – кесте [3], [4] дерек көздерінен автормен құрастырылған						

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерді ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижелері. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 326 мемлекеттік мекемені тексеру нәтижелері бойынша анықталған есепті жылдағы заңнаманы бұзушылықтардың жалпы сомасы 268532355,9 мың теңгені құрады, оның ішінде:

Бюджеттік заңнаманы бұзушылықтары және өзге қаржылық бұзушылықтар 232205598,2 мың теңге, одан:

- қаржылық бұзушылықтар 226064107,7 мың теңге (бюджет қаражатын негізсіз пайдалану 163380820,5 мың теңге (мәселен: НҚ, ТМҚ негізсіз есептен шығару; іссапар шығыстарын төлеудегі бұзушылықтар, бекітілген нормативтерден тыс жүргізілген шығыстар; еңбек ақыдағы бұзушылықтар; басқа да бұзушылықтар), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану 60813860,1 мың теңге, тауарлық-материалдық құндылықтардың және ақша қаражатының жетіспеуі 40820,1 мың теңге, бюджетке түсетін түсімдер бойынша бұзушылықтар 1815478,5 мың теңге, бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуы 13128,5 мың теңге);

- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бұзушылықтар сомасы – 6 141 490,5 мың теңге

Мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде жол берілетін бұзушылықтар 36326757,7 мың теңгені құрады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары бойынша қабылданған шаралармен қалпына келтіруге жататын 64764222,5 мың теңгенің және бюджетке өтеуге жататын 2580542,2 мың теңгенің 64092908,3 мың теңгесі қалпына келтірілді және бюджетке 1055517,8 мың теңге немесе 96,7% өтелді. Республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді тексеру қорытындылары бойынша құқық қорғау органдарына процессуалдық шешім қабылдау үшін 1970491,4 мың теңге сомаға 35 бақылау материалы жіберілді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 9 278,8 мың теңге сомаға 90 лауазымды тұлғаға әкімшілік жаза қолданылды, оның ішінде республикалық бюджетке – 7 691,3 мың теңге немесе 82,9 % түсті.


Республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің 286 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Республикалық бағыныстағы квазимемлекеттік сектор объектілерін ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижелері: 2014 жылы 208 республикалық бағыныстағы квазимемлекеттік сектор объектісінде ішкі бақылау жүргізілді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары бойынша қабылданған шаралармен қалпына келтіруге жататын 10957450,6 мың теңгенің және бюджетке өтеуге жататын 698355,4 мың теңгенің 10814267,3 мың теңгесі қалпына келтірілді және бюджетке 104 084,5 мың теңге немесе 93,7% өтелді. Республикалық бағыныстағы квазимемлекеттік сектор объектілерін тексеру қорытындысы бойынша құқық қорғау органдарына процессуалдық шешім қабылдау үшін 1145984,3 мың теңге сомаға 28 бақылау материалы жіберілді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 15 014,4 мың теңге сомаға 134 лауазымды тұлғаға әкімшілік жаза қолданылды, одан – 11 893,8 мың теңге немесе 79,2 % республикалық бюджетке түсті. Республикалық бағыныстағы квазимемлекеттік сектор объектілерінің 219 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалануы бойынша ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижелері. 2014 жылы республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдаланған 1 357 жергілікті атқарушы органдар объектісінде ішкі бақылау жүргізілді.

Келесі 2- суретте 2013-2014 жылдардағы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары мемлекеттік мекемелер, республикалық бағыныстағы квазимемлекеттік сектор объектілері бойынша және жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалануын жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелерін қарастырамыз.



Сурет 2 - Қаржылық бақылаумен қамтылған объектілер саны
Ескерту: диаграмма [3] дерек көзінен автормен құрастырылған

Бұл суреттен бақылаумен қамтылған объектілер санының артуын байқаймыз.

Есепті кезеңде Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер заңнаманы бұзушылықтардың жалпы сомасы 176825970,0 мың теңгені құрады, оның ішінде: Бюджеттік заңнаманы бұзушылықтар және өзге қаржылық бұзушылықтар – 138100331,4 мың теңге, оның ішінде:

- қаржылық бұзушылықтар – 103030183,2 мың теңге (бюджет қаражатын негізсіз пайдалану – 94888999,2 мың теңге (мәселен: НҚ, ТМҚ негізсіз есептен шығару; іссапар шығыстарын төлеудегі бұзушылықтар, бекітілген нормативтерден тыс жүргізілген шығыстар; еңбек ақыдағы бұзушылықтар; басқа да бұзушылықтар), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 7516756,9 мың теңге (мәселен, тиісті мамандардың болмауына байланысты медициналық мақсаттағы жабдықтар мен заттар мақсатты пайдаланылмайды; сатып алынған құралдар пайдаланылмайды және қоймада; жаңа әкімшілік ғимаратындағы телефон нөмірлері бойынша ай сайын абоненттік ақы жүргізілуде, бұл ретте Мекеме осы нөмірлерді пайдаланбаған және басқалар), тауарлық-материалдық құндылықтардың және ақша қаражатының жетіспеуі – 255381,2 мың теңге, бюджетке түсетін түсімдер бойынша бұзушылықтар – 158108,2 мың теңге, бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану – 210937,8 мың теңге).

- сомасы 35070148,2 мың теңгеге бюджеттік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бұзушылықтар.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде жол берілген бұзушылықтар 38725638,5 мың теңге. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары бойынша қабылданған шаралармен қалпына келтіруге жататын 44656578,0 мың теңгенің және бюджетке өтеуге жататын 2287309,1 мың теңгенің 28269894,9 мың теңгесі қалпына келтірілді және бюджетке 709730,2 мың теңге немесе 61,7% өтелді.

Тексеру қорытындылары бойынша процессуалдық шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына 30119106,4 мың теңге сомаға 124 бақылау материалы жіберілді. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес 15782,3 мың теңге сомаға 130 лауазымды тұлғаға әкімшілік жаза қолданылды, одан – 11459,5 мың теңге немесе 72,6% республикалық бюджетке түсті.

Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдаланған жергілікті атқарушы органдардың 832 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қалыптасқан дәстүр мен бюджет процесін ұйымдастыру мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімділігін арттырудың мүмкіндіктері мен институционалды ынтасын елеулі тежейді. Сондықтан бюджет процесін келесі бағыттар бойынша жүзеге асыру ұсынылады:

- бюджеттік жіктелім мен бюджеттік есепті реформалау;
- орта мерзімді қаржылық жоспарлауды жетілдіру;
- бюджеттік жоспарлаудың бағдарламалық мақсатты тәсілдерін қолдану сферасын кеңейту және жетілдіру;
- бюджетті құру және қайта қарау процедурасын тәртіптеу [5].

Жаңа ғасырдың басында және экономиканы қайта құрудың жаңа кезеңінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеу мен мемлекеттік ықпал етудің жаңа, қазіргі заманғы құралдары мен функцияларын іздеу және белсендіру қажеттілігі анық білінді. Жеке алғанда, қаржылық бақылау мемлекеттік қаржылық ресурстарды бөлудің дұрыстығын, адресілігін, орындылығын және заңдылығын тексеретін дәстүрлі тексерістен тиімділік ұстанымынан бақылау, мемлекеттік ресурстарды нәтижелі және үнемді пайдалануды бақылау, яғни тиімділік аудиті (бақылау) нысанына белсенді түрде өзгеруде. Тиімділік аудитінің артықшылықтары:

- қаржылық бақылау шекарасының ұлғаюының негізгі себебі ресурс-тардың тиімді бөлінуінен экономикалық нысандардың жақсаруы ;
- бюджеттік құралдарды тиімсіз қолданудың себептерін кешенді талдау;

– бюджеттік құралдарды игерудің барысы бойынша ақпаратты жемқорлыққа қарсы органдарға беру арқылы жағдай жасау;

– заңнамалық органдарға бюджеттік үдерістерді реттеудің нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беру;

– атқарушы билік органдарын ресурстарды тиімді басқару ақпараттарымен және ұсыныстармен қамтамасыз ету;

Жалпы алғанда, тиімділік аудиті мен нәтижеге бағытталу бір-біріне ұқсас және бірін-бірі толықтыратын ұғымдар болып келеді. Себебі, нәтижеге бағытталу көбіне мемлекеттік жоспарлау сатысында іске асырылса, тиімділік аудиті жоспарлаудың орындалу деңгейіне бақылауды жүргізеді. Тағы да атап өтетін жайт, тиімділік аудиті мен нәтижеге бағытталудың басты мақсаты болып түпкілікті, яғни соңғы нәтижеге жету табылады. Қазақстан тәжірибесіне тиімділік аудитін енгізуге он шақты жыл болса да, оның теориялық және іс жүзіндегі орындалуы бойынша әлі де мәселелер бар. Тиімділік аудитін әрі қарай жетілдіру, сондай-ақ қаржылық бақылау жүйесін ұйымдастыруды әртараптандыру ұсыналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кучукова Н.К. Налогово- бюджетное планирование: учебное пособие. - Астана: Мастер ПО, 2013-320 с.
2. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: Оқулық.- Алматы: Экономика, 2006.- 320б.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты [http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/ports_fldr](http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/reports_fldr)
4. 2011-2014 жылдардағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі <http://www.government.kz/kz/postanovleniya.html>
5. Республикалық Бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ресми сайты [http:// esep.kz/kaz/showin/article/2368](http://esep.kz/kaz/showin/article/2368)

УДК 336.748

ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Дәулет Мәдина Жүсіпқызы

madindaulet@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші - Слямова Б.И.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың – «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылғы 30-қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің маңызды міндетіміз – қаржы жүйесін жылдам тұрақтандыру, оны жаңа жаһандық нақты ахуалға сәйкестендіру» делінген.

Біріншіден, қаржы секторының теңгенің еркін бағамы жағдайында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Мұндағы қағидатты сәт сол, Ұлттық валютаның бағамына Ұлттық қор қаржылары есебінен шексіз қолдау көрсету тәжірибесіне қайта оралу болмайды. Ұлттық банк секторының барлық субъектілеріне жұмыс істемейтін несиелер бойынша стресстестілеу жүргізуі қажет. Оның нәтижелері бойынша оларды мойындау және есептен шығару жөнінде шаралар қабылдау керек. Капиталдандыру проблемаларын шеше алмаған банктер қаржы жүйесінен «кетуі» тиіс. Қазақстандық банктер барлық халықаралық стандарттарға, соның ішінде, Базель комитеті мен Халықаралық валюта қорының стандарттарына сәйкес